

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданындағы кейбір елді мекендердің атауларын өзгерту туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 30 шілдедегі N 23-15 шешімі және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 28 шілдедегі N 163 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2010 жылғы 16 тамызда N 3047 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес, халықтың пікірін есепке ала отырып және облыстық ономастикалық комиссиясы отырысының 2010 жылғы 27 шілдедегі N 2-9 қорытындысы негізінде, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және облыстық мәслихат **Ш Е Ш І М** **Е Т Т І :**

1. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданының кейбір елді мекендері қайта аталсын :

Көшім	ауылдық	округі	бойынша:
Балаган	селосы	- Жаңатаң	ауылына;
Степной	селосы	- Өркен	ауылына;
Переметный	ауылдық	округі	бойынша:
Чернояров	селосы	Қаражар	ауылына.

2. Осы қаулы және шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
Б. Измұхамбетов

Сессия төрағасы
А. Василец
Облыстық мәслихат
х а т ш ы с ы

М. Құлшар